


ИСЛАМДЫҚ САҚТАНДЫРУ



○ Шариғаттың негіздерінде сақтандырудың мүмкіндігі немесе оған рұқсат берілуі туралы нақты нұсқаулар жоқ. Ислам тәуекелді сатуға немесе айырбастауға, оны сатып алу-сату шарттарын пайдаланумен өзге тұлғаға беруге тыйым салған. Көптеген мұсылман құқық танушылары дәстүрлі сақтандыруға тыйым салынған деген пікірді ұстанады (*харам*). Ислам банктік ісі жағдайында құқық танушылар сақтандыру шарттарында *гарар* (белгісіздік), *майсир* (алыпсатарлық) және *риба* (өсімқорлық) сияқты элементтерді бөледі.



- Олардың пікірінше, *гарардың* дәстүрлі коммерциялық сақтандыру шартында кемінде үш түрі болады:
- - шарт жасасу салдарларындағы белгісіздік. Шарт жасалған кезде сақтандырушы да, сақтанушы да жүргізілетін жағдайларды анық білмейді. Сақтандырушыға оның сақтандыру жарналары ретінде төлеген ақшасының орнына өтемақы алатындығы беймәлім. Сақтанушы сияқты өзінің болашақтағы табысының мөлшері де анық емес. Кейде ол жарнаны бір рет, кейде – бірнеше рет алып үлгіреді, бүкіл сыйақыдан бірнеше есе асып кететін соманы төлейтін кездері болады.
- - сақтандыру жағдайы басталған сәтке сақтанушы өтемақы төлеу талап етілетін соманы иелену белгісіздігі. Сақтандырушы сақтанушыда өтемақы ұсынуға қажетті ақшаның нақты барлығын білмейді, себебі төлем тууы да, тумауы да мүмкін сақтандыру жағдайы басталғанда ғана жүргізіледі;
- - шарт мерзімінің белгісіздігі. Ислам құқығында азаматтық-құқықтық мәмілелер принциптеріне сәйкес шарттың орындалу мерзімі белгілі болуы тиіс.



- *Ғарар* коммерциялық сақтандыру шартында шариғатпен рұқсат етілген деңгейден асып кетеді, себебі шарттың шарттарының (мерзім, зат және т.б.) белгісіздігі сақтандырушы үшін болмаса да, сақтанушы үшін (сақтандырушы статистикалық мәліметтер негізінде қаржылық талдау арқасында пайда мөлшерін есептеп шығарады) сақталады.
- *Майсир*. Батыс (дәстүрлі) сақтандыру компанияларының қызметінде пайда көбінесе жағдайлармен айқындалады деп есептейді кейбір құқық танушылар. Егер сақтандырушылардан жиналған жарналардың жалпы сомасы мен олардың инвестициялаудан түскен пайда сақтандыру төлемдерінің шығындарынан және өзге шығасылардан асып кетсе, пайданы сақтанушы алады.



- Егер жарналар сомасы сақтандыру төлемдері сомасынан төмен болса, сақтанушы залалды көтереді. Сақтандыру шарттарына сақтандыру жағдайының басталуына байланысты ойын түрінде қарауға болады. Егер сақтандыру жағдайы туындаса, «бәстесуде» сақтанушы жеңіліс табады және сақтандырушыға немесе үшінші тұлғаға (алушыға тиімді) нақты соманы төлейді. Егер сақтандыру жағдайы туындамаса – сақтандырушы жеңіледі. Ғарар мен майсир бір-бірімен өзара жақын деген фактіні теріске шығаруға болмайды. Артық ғарардың болуы сақтандыру шартында майсир элементінің пайда болуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, ғарардың қандай да бір үлесі болмаса, майсир де болмайды. Егер осы шартта ал-ғарар ал-касир (артық ғарар) болса, сақтандырудың құмар ойындармен байланысы туралы мәселе көтерілуі мүмкін, немесе ақырында бәрі де ғарар дәрежесіне байланысты.



- *Риба*. Сақтандыру шартында сақтандырушымен төленетін және алынатын ақша айырмасы, сондай-ақ оларды енгізу және алу мерзімдерінің айырмасы көрінеді. Сонымен қатар, сақтандырудың жинақтаушы түрлерінде сақтандырушы сақтанушыларға немесе олардың бенефициарларына төленген жарналар бойынша пайыздар төлейді, бұл сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы қатынастарда *риба* белгісінің болуын көрсетеді. Сақтандыру шартында *риба* элементінің болу мәселесі сақтанушымен төленетін жарналарды ол бойынша пайыз төлеумен қарыз ретінде бағаланатындығына байланысты, себебі қарыз бойынша пайыздарға шариғатпен тыйым салынған.



- *Такафул* исламдық сақтандыру мәні дәстүрлі коммерциялық сақтандыру сызбасынан ерекше.
- «*Такафул*» сөзі «өзара кепілдендіру» немесе «бір біріне өзара қамқорлық» дегенді білдіретін арабтың «кафала» деген сөзінен шыққан.
- *Такафулдың* бүгінгі жүйесі тек 1979 жылы ендірілгенімен, өзара көмек пен ынтымақтастық бұрын да уағыздалған. Заңгерлер мен дін іліміндегілер осындай сақтандырудың тұжырымдамасы төмендегі факторлар есебінен жүзеге асырылады деп есептейді:
 - - сақтанушылар өзара жалпы игілік үшін бірігеді;
 - - әрбір сақтанушы мұқтаждыққа көмек көрсету салымы ретінде қажетті соманы төлейді;
 - - шығындар бөлінеді және міндеттемелер қауымдастық кооперациясына сәйкес бөлінеді;
 - - жазылу мен өтемақыға қатысты белгісіздік элемент алып тасталады;
 - - жүйенің бірде бір мүшесі өзгелердің есебінен пайда алмауы керек.
- Сақтандырудың осы моделі негізінде *табарру* тұжырымдамасы жатыр. *Табарру* араб тілінен аударғанда «сый», «қайырымдылық» дегенді білдіреді. Әрбір сақтанушы, егер олар анық тәуекелге кезіккен жағдайда такафул шартының өзге қатысушыларына көмектесуге шын жүректен ниет етулері тиіс.

- Әрбір сақтанушы сақтандыру жағдайы туындаса, өзге қатысушыларға ақысыз негізде көмектесуге шын жүректен сый (*табарру*) ретінде ерікті жарнаны жүргізеді.
- Ислам сақтандыру компаниясы (оператор) сенім білдірілген басқару (*мудароба*) немесе агенттік шарт (*вакала*) негізінде қатысушылар атынан немесе олардың мүддесінде осы ақша қаражатын басқарады. Қор қаражаты инвестициялық жобаларға пайдаланылады және сақтандыру жағдайларындағы залалды өтеуден басқа қатысушыларға пайда әкеледі.



- Исламдық сақтандырудың дәстүрліден принципіалды ерекшеліктері бар:
- 1. *Такафул* қатысушылары бір уақытта сақтанушы және бір-біріне өзара сақтандырушы болып табылады. Сақтандыру компаниясы қатысушылар мүддесінде агент ретінде ғана әрекет етеді және сақтандыру қорларының меншік иесі болып табылмайды.
- 2. Қор қатысушыларының инвестициялық салымдарынан барлық түсім *мудароба* (сақтандыру операторы) сыйақысын қоспағанда, қатысушылар арасында бөлінеді, дәстүрлі сақтандыруда жүретіндей, сақтандыру компаниясының меншігі болып табылмайды.
- 3. Сақтандыру өтемақаларын төлегеннен кейін қалған барлық қаражат қор қатысушыларының арасында олардың салымдарына сәйкес немесе өзге ескерілген әдіспен бөлінеді.
- 4. *Такафул* дәстүрлі коммерциялық сақтандыруда ислам құқығында тыйым салынған алыпсатарлық тәуекелден қорғауды қамтамасыз ету мүмкіндігіндей, таза тәуекелден ғана сақтандыруды қамтамасыз етеді.



- *Такафул* шартты түрде екіге бөлінеді:
- - *жалпы такафул*, іс жүзінде коммерциялық мүліктік сақтандыруға ұқсас;
- - *отбасылық такафул*, жеке сақтандыруды қамтамасыз етеді, бірақ ерекшеліктері бар.
- *Жалпы такафул* мүліктік сақтандыру саласын қозғайды, бұл жағдайда сақтандырушылар шығасыларды шегерумен төленген қаражаттан сақтандырушының пайдасының бөлігіне үміттенеді.
- Сақтандырудың осы тәжірибесінде *аман* механизмі қолданылады, ол бойынша мүлік иесі сақтандыру сыйақысына төлем жүргізе отырып, компанияның акционері болады және жыл қорытындылары бойынша оның пайдасының бөлігін алады. Егер шарттың әрекет ету мерзімі ішінде сақтандыру жағдайы туындамаса, полисті ұзарту шартында компания капиталындағы үлес мүмкін дивидендтерді ұлғайтумен жаңа сыйақы сомасына өседі.



- Жеке сақтандыруды енгізетін *отбасылық такафул* сақталған ақша жүйесін білдіреді және оның мақсаты түрлі тәуекелден сақтандырылған отбасы асырауындағыларды қорғау.
- Қатысушының жүйелі сақтандыру жарналары такафул-қордың екі шотына жолданады: салынған қаражаттан инвестициялық пайда алуға құқылы қатысушының шоты, және полис мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі шартында мұрагерлерге немесе қатысушының өзіне төленетін арнайы шот.
- Қорларды орналастыру қатаң белгіленген: сақтандырушыларға үкіметтік бондтар мен оқ-дәрі, ойын, мейрамхана және қонақ үй бизнесі өндірісіне тартылған компаниялардың акцияларынан кіріс алуға тыйым салынады.
- Осылайша, исламдық сақтандыру тұжырымдамасына төмендегі ерекшеліктер тән:



- - *такафулде* артық ғарар жоқ – әрбір қатысушымен төленетін сақтандыру сыйақысының (жарналарының) бөлігі сый немесе ерікті құрбандықтар ретінде қаралатындығы есебімен және сақтандыру жағдайы туындағанда өтемақы ұсынылатын арнайы қорға жөнелтіледі;
- - төленген сақтандыру сыйақылары (жарналары) немесе олардың бөлігі шариғатпен тыйым салынбаған операцияларға ғана пайдаланылады;
- - негізгі мақсаты қатысушылардың тәуекелдерін кепілмен қамтамасыз етуден тұрады;



- - *такафул*-бизнес коммерциялық сақтандыруда орын алатын пайыздық қатынастарды болдырмайтын пайданы бөлу механизмін болжайды;
- - іскерлік белсенділік үшін *такафул*-компания міндетіне компанияның жаңа өнімдерін (қызметін) бағалау енетін бақылау кеңесі әрекет етеді, сондай-ақ онымен жүргізілетін операциялар мұсылман құқығының нормалары және қағидалары көзқарасынан бақыланады.

